



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

Астана қаласы

город Астана

№ 620 от 28.08.2024

**«QazBioPharm» ұлттық холдингі»
акционерлік қоғамының
2023 жылғы жеке және
шоғырландырылған жылдық
қаржылық есептілігін бекіту
туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, және 178-бабы 3-тармағына, «Мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметтерін үйлестіру және қол қою құқығы бойынша міндеттерді жүктеу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 25 сәуірдегі № 272 бұйрығына, «QazBioPharm» ұлттық холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысы 81-тармағының б) тармақшасына, «FSG AUDIT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тәуелсіз аудиторының 2024 жылғы 22 сәуірдегі және 2024 жылғы 10 мамырдағы аудиторлық қорытындыларына, «QazBioPharm» ұлттық холдингі» акционерлік қоғамының 2024 жылғы 30 шілдедегі Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешіміне (№ хаттама) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2024 жылғы 26 тамыздағы № КГИП-01-КГ/9489 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «QazBioPharm» ұлттық холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2023 жылғы жеке және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі (Астана қаласы, Ш. Уәлиханов көшесі, 13/1, БИН: 220640040045, ЖСК: KZ08601A871004329011, «Қазақстан Халық банкі» акционерлік қоғамы, БСН: HSBKKZKX) бекітілсін.

2. Қоғаммен 2023 жыл үшін қаржылық есептілікке сәйкес 447 491 000 теңге сомасына шығын алғандығына байланысты табысты бөлу жүзеге асырылмасын.

3. Қоғамның Бас директоры:

осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 94 бұйрығымен бекітілген Жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілікті депозитарийге тапсыру қағидаларының талаптарына сәйкес қаржылық есептіліктің депозитарийін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымға осы бұйрықтың 1-тармағында көзделген жылдық қаржылық есептілікті жіберуді қамтамасыз етсін;

осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде оны Қоғамның корпоративтік сайтында жарияласын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Корпоративтік даму департаментіне жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционердің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау вице-министрі**

А. Амангелдиев

Подписано

28.08.2024 19:29 Амангельдиев Ардак

